

Көмірсутектер саласындағы біліктілік талаптарына сәйкестігіне бақылау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2022 жылғы 29 қарашадағы № 387 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2022 жылғы 30 қарашадағы № 96 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 30 қарашада № 30854 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 27.12.2024 № 493 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.12.2024 № 120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бірлескен бұйрық 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 141-бабының 5-тармағына, 143-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес көмірсутектер саласындағы біліктілік талаптарына сәйкестігіне бақылау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес көмірсутектер саласындағы біліктілік талаптарына сәйкестігіне бақылау саласындағы "Көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде құрлықта, теңізде және ішкі су айдындарында ұңғымаларды бұрғылау" қызметтің кіші түріне көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес көмірсутектер саласындағы біліктілік талаптарына сәйкестігіне бақылау саласындағы "Көмірсутектер кен орындарына арналған базалық жобалау құжаттарын жасау және көмірсутектер кен орындарын игеруді талдау" қызметтің кіші түріне көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес көмірсутектер саласындағы біліктілік талаптарына сәйкестігіне бақылау саласындағы "Көмірсутектер кен орындарына арналған техникалық жобалау құжаттарын жасау" қызметтің кіші түріне көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес көмірсутектер саласындағы біліктілік талаптарына сәйкестігіне бақылау саласындағы "Теңіздегі көмірсутектер кен орындарында төгілуді болғызбау және жою жөніндегі жұмыстар" қызметтің кіші түріне көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты тексеру парағы;

6) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес көмірсутектер саласындағы біліктілік талаптарына сәйкестігіне бақылау саласындағы "Көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі геофизикалық жұмыстар" қызметтің кіші түріне көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты тексеру парағы;

7) осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес көмірсутектер саласындағы біліктілік талаптарына сәйкестігіне бақылау саласындағы "Көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымаларды жер астында жөндеу, сынау, игеру, сынамау, консервациялау, жою" қызметтің кіші түріне көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты тексеру парағы;

8) осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес көмірсутектер саласындағы біліктілік талаптарына сәйкестігіне бақылау саласындағы "Көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымаларды цементтеу" қызметтің кіші түріне көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты тексеру парағы;

9) осы бірлескен бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес көмірсутектер саласындағы біліктілік талаптарына сәйкестігіне бақылау саласындағы "Көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі кәсіпшілік зерттеулер" қызметтің кіші түріне көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты тексеру парағы;

10) осы бірлескен бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес көмірсутектер саласындағы біліктілік талаптарына сәйкестігіне бақылау саласындағы "Көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі сейсмикалық барлау жұмыстары" қызметтің кіші түріне көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты тексеру парағы;

11) осы бірлескен бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес көмірсутектер саласындағы біліктілік талаптарына сәйкестігіне бақылау саласындағы "Көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымалардағы атқылау-жару жұмыстары" қызметтің кіші түріне көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты тексеру парағы;

12) осы бірлескен бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес көмірсутектер саласындағы біліктілік талаптарына сәйкестігіне бақылау саласындағы "Көмірсутектерді барлау

және өндіру кезінде мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту" қызметтің кіші түріне көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты тексеру парағы;

13) осы бірлескен бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес көмірсутектер саласындағы біліктілік талаптарына сәйкестігіне бақылау саласындағы "Мұнай-газ-химия өндірістерін пайдалану" қызметтің кіші түріне көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты тексеру парағы;

14) осы бірлескен бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес көмірсутектер саласындағы біліктілік талаптарына сәйкестігіне бақылау саласындағы "Магистральдық құбыржолдарды пайдалану" қызметтің кіші түріне көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты тексеру парағы бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 27.12.2024 № 493 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.12.2024 № 120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Көмірсутектер және жер қойнауын пайдалану салаларындағы мемлекеттік бақылау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің м.а.
Министрдің міндетін атқарушы

_____ Т. Жаксылыков

_____ М. Журебеков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының

Құқықтық статистика және арнайы
есепке алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің м.а.
2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 96 мен Министрдің
міндетін атқарушы
2022 жылғы 29 қарашадағы
№ 387 Бірлескен бұйрыққа
1-қосымша

Көмірсутектер саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 27.12.2024 № 493 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.12.2024 № 120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Көмірсутектер саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабы 5-тармағына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының заңына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 28 қазандағы № 77 бұйрығымен бекітілген Көмірсутектер саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9998 болып тіркелген) сәйкес көмірсутектер саласындағы біліктілік талаптарына сәйкестігіне бақылау саласындағы бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежелеріне жатқызу мақсатында әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 27.12.2024 № 493 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.12.2024 № 120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектісі – көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензиясы бар лицензиаттар;

2) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

3) біліктілік талаптары – өтініш берушінің және лицензиаттың жекелеген лицензияланатын қызмет түрімен және (немесе) лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрімен айналысу қабілетін сипаттайтын, лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру кезінде де, оның жарамдылығы уақытының бүкіл кезеңінде де қойылатын сандық және сапалық нормативтер мен көрсеткіштер жиынтығы;

4) болмашы бұзушылықтар – қондырғыларды, машиналарды, тетіктерді, аспаптарды, жабдықтарды тиісінше пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді, еңбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік; қоршаған ортаны қорғау, метрологиялық бақылау; технологиялық процесті және берілген сападағы өнімді шығаруды сақтау, магистральдық құбырларды пайдаланудың технологиялық процесін сақтауды қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың болмауына байланысты бұзушылықтар;

5) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шәкілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шәкілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

6) елеулі бұзушылықтар – біліктілік құрамының сәйкессіздігіне, бекітілген бағдарламалар мен жоспарлардың болмауына, мемлекеттік органдар мен ұйымдардан заңды тұлға-лицензиат қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) қосымшаларды қайта ресімдемеу туралы мәліметтердің болуына, қондырғыларды, машиналарды, тетіктерді, аспаптарды, жабдықтарды тиісінше пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді, еңбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау, метрологиялық бақылауды қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың болмауына байланысты бұзушылықтар;

7) лицензиат – лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ қызметінің нысанасы қаржылық қызметтер көрсету болып табылатын шетелдік заңды тұлғаның филиалы;

8) лицензия – лицензиар жеке немесе заңды тұлғаға, сондай-ақ қызметінің нысанасы қаржылық қызметтер көрсету болып табылатын шетелдік заңды тұлғаның филиалына қауіптіліктің жоғары деңгейімен байланысты лицензияланатын қызмет түрін не лицензияланатын қызметтің кіші түрін жүзеге асыруға беретін бірінші санаттағы рұқсат;

9) лицензияланатын қызмет түрі – айналысу үшін осы Заңға сәйкес лицензия алу талап етілетін қызмет түрі (белгілі бір әрекет (операция, сақтандыру сыныптары);

10) лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі – бір лицензия аясында тиісті лицензияланатын қызмет түрін нақтылау;

11) өрескел бұзушылықтар – меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде технологиялық регламенттің, өндірістік базаның, қажетті аспаптар мен жабдықтардың, қоймалардың, зертханалардың болмауына байланысты бұзушылықтар;

12) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне,

мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

13) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерулерді кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруден босату процесі;

14) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

15) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелерін жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштің жиынтығы;

16) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 31.05.2023 № 204 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.06.2023 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

3. Біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеруді жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін бақылау субъектілері (объектілері) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне (бұдан әрі – тәуекел дәрежесі) жатқызылады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Жоғары, орташа және төмен тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі салалары үшін біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілері (объектілері) қызметінің салалары үшін біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізудің жиілігі осы Өлшемшарттармен, бірақ жылына бір реттен жиілетпей айқындалады.

Орташа тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілері (объектілері) қызметінің салалары үшін біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексерулер жүргізудің жиілігі осы Өлшемшарттармен, бірақ екі жылда бір реттен жиілетпей айқындалады.

Төмен тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілері (объектілері) қызметінің салалары үшін біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексерулер жүргізудің жиілігі осы Өлшемшарттармен, бірақ үш жылда бір реттен жиілетпей айқындалады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 27.12.2024 № 493 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.12.2024 № 120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

4. Біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

2-тарау. Объективті өлшемшарттар

5. Объективті өлшемшарттарды айқындау тәуекелді айқындау арқылы жүзеге асырылады.

6. Тәуекелді айқындау мынадай өлшемшарттардың бірін ескере отырып асырылады :

1) объектінің қауіптілік (күрделілік) деңгейі;

2) реттелетін салаға (облысқа) ықтимал теріс салдарлар ауырлығының, зиянының ауқымы;

3) адамның өмірі немесе денсаулығы, қоршаған орта, жеке және заңды тұлғалардың , мемлекеттің заңды мүдделері үшін қолайсыз оқиғаның туындау мүмкіндігі.

7. Көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия 13 кіші қызмет түрлерінен тұрады:

көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі кәсіпшілік зерттеулер;

көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі сейсмикалық барлау жұмыстары;

көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі геофизикалық жұмыстар;

көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымалардағы атқылау-жару жұмыстары;

көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде құрлықта, теңізде және ішкі су айдындарында ұңғымаларды бұрғылау;

көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымаларды жер астында жөндеу, сынау, игеру, сынамалау, консервациялау, жою;

көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымаларды цементтеу;

көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту;

теңіздегі көмірсутектер кен орындарында төгілуді болғызбау және жою жөніндегі жұмыстар;

мұнай-газ-химия өндірістерін пайдалану;

көмірсутектер кен орындарына арналған базалық жобалау құжаттарын жасау және көмірсутектер кен орындарын игеруді талдау;

көмірсутектер кен орындарына арналған техникалық жобалау құжаттарын жасау; магистральдық құбыржолдарды пайдалану.

"Көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде құрлықта, теңізде және ішкі су айдындарында ұңғымаларды бұрғылау", "Көмірсутектер кен орындарына арналған базалық жобалау құжаттарын жасау және көмірсутектер кен орындарын игеруді талдау", "Көмірсутектер кен орындарына арналған техникалық жобалау құжаттарын жасау", "Теңіздегі көмірсутектер кен орындарында төгілуді болғызбау және жою жөніндегі жұмыстар" қызметтің кіші түрлеріне лицензия алған лицензиаттар жоғары тәуекел дәрежесі субъектілеріне жатады.

"Көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі геофизикалық жұмыстар", "Көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымаларды жер астында жөндеу, сынау, игеру, сынамалау, консервациялау, жою", "Көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымаларды цементтеу" қызметтің кіші түрлеріне лицензия алған лицензиаттар орташа тәуекел дәрежесі субъектілеріне жатады.

"Көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі кәсіпшілік зерттеулер", "Көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі сейсмикалық барлау жұмыстары", "Көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымалардағы атқылау-жару жұмыстары", "Көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту", "Мұнай-газ-химия өндірістерін пайдалану", "Магистральдық құбыржолдарды пайдалану" қызметтің кіші түрлеріне лицензия алған лицензиаттар төмен тәуекел дәрежесі субъектілеріне жатады.

8. Жоғары, орташа және төмен тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу мақсатымен субъективті өлшемшарттар қолданылады.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар

9. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

10. Деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау көмірсутектер саласындағы біліктілік талаптарына сәйкестігіне бақылау саласындағы субъектілерді (объектілерді) анықтау үшін қажет.

Тәуекел дәрежесін бағалау үшін көмірсутектер саласындағы біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексерулердің нәтижелері пайдаланылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 27.12.2024 № 493 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.12.2024 № 120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

11. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер нәтижелері бойынша бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін және субъективті өлшемшарттар (SC) бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қосу жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

$$R_{\text{арал}} = SP + SC, \text{ мұнда}$$

$R_{\text{арал}}$ – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есептеу әрбір мемлекеттік бақылау саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте бір мемлекеттік бақылау саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктемелі жиынтығын (іріктемені) құрайды.

Алдыңғы тексерулер нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы өлшемшарттың 10-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде, бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,7,$$

мұнда:

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ - елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ - анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_H = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,3,$$

мұнда:

SP_H – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_H,$$

мұнда:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_H – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Жалпы көрсеткіштің алынған мәні бақылау субъектісін мынадай тәуекел дәрежесінің біріне жатқызу үшін негіз болып табылады:

1) жоғары тәуекел дәрежесі – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейінгі болған кезде және оған қатысты біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізіледі;

2) орташа тәуекел дәрежесі – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 30-да 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде және оған қатысты біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізіледі, бірақ ең көбі екі жылда бір рет;

3) төмен тәуекел дәрежесі – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ды қоса алғанға дейінгі болған кезде және оған қатысты біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізілмейді.

Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын және субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес субъективті өлшемшарттар көрсеткішінің маңыздылығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i, \text{ мұнда}$$

x_i – субъективті өлшемшарт көрсеткіші;

w_i – x_i субъективті өлшемшарт көрсеткішінің үлес салмағы;

n – көрсеткіштер саны.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формуланы пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\text{min}}}{R_{\text{max}} - R_{\text{min}}},$$

мұнда:

R – жеке бақылау субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

R_{max} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

R_{min} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы),

$R_{\text{арал}}$ – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші

Көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты біліктілік талаптарына сәйкестікке қойылатын талаптардың бұзұшылық дәрежесі осы Өлшемшарттарға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 және 13-қосымшаларда келтірілген.

Талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 178-бабының 1-тармағына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Жүргізілген біліктілік талаптарына сәйкестігіне бақылаудың қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты оларды мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне графигті қалыптастыру кезінде енгізуге жол берілмейді.

Біліктілік талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізудің жиілігін жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бақылау органы, жылына бір реттен жиілітпей айқындайды.

Алынатын мәліметтер талдауы және көрсеткіштер бойынша бағалау есепті жылғы 1 қарашадан 15 желтоқсанға дейінгі кезеңде жылына бір рет жүргізіледі.

Егер бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізілген болса, соңғы біліктілік талаптарға сәйкестігіне тексерудің аяқталу күнінен кейінгі күннен бастап жүргізілетін талдаудың басталуына дейінгі кезең талданатын кезең болып табылады.

Біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру графиктері субъективті өлшемшарттар бойынша ең жоғары тәуекел дәрежесі көрсеткіші бар бақылау субъектілерінің басымдығын ескере отырып жасалады.

Біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексерудің жылдық графигі негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 27.12.2024 № 493 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.12.2024 № 120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Көмірсутектер саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 27.12.2024 № 493 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.12.2024 № 120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

"Көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде құрлықта, теңізде және ішкі су айдындарында ұнғымаларды бұрғылау" қызметінің кіші түріне көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты талаптарды бұзушылық дәрежесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 31.05.2023 № 204 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.06.2023 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

p/c №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
1	Заңды тұлғалар үшін – өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болса), жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің қолымен куәландырылған, негізгі пайдаланылатын қондырғыларды және (немесе) жабдықтарды көрсете отырып, мәлімделген лицензияланатын қызметтің кіші түрлерін (жұмыстарды) орындау технологиясы мен тәртібін сипаттайтын технологиялық регламенттің бар болуы	Өрескел
2	Лицензияға қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі өндірістік базаның (өндірістік үй-жайдың/қойманың/цехтың) бар болуы	Өрескел
3	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі бұрғылау қондырғысының бар болуы	Өрескел
4	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі бұрғылау сорғысының бар болуы	Өрескел
5	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі шығарындыға қарсы жабдықтың бар болуы	Өрескел
6	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі бұрғылау ерітіндісін дайындау, циркуляциялау және тазалау торабының бар болуы	Өрескел
7	Мыналарды қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың болуы: 1) қондырғыларды, машиналарды, механизмдерді, аспаптарды, жабдықтарды тиісінше пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету; 2) еңбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік; 3) қоршаған ортаны қорғау;	Елеулі

	4) метрологиялық бақылау	
8	Біліктілік құрамының болуы: 1) жұмыс берушінің бұйрығымен тағайындалған техникалық басшы – көмірсутектер саласында жоғары техникалық білімі бар және көрсетілген салада практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл; 2) көмірсутектер саласында жоғары техникалық немесе арнаулы орта білімі және көмірсутектер саласында практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 2 жыл болатын 3 маман	Елеулі

Көмірсутектер саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 27.12.2024 № 493 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.12.2024 № 120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

"Көмірсутектер кен орындарына арналған базалық жобалау құжаттарын жасау және көмірсутектер кен орындарын игеруді талдау" қызметінің кіші түріне көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты талаптарды бұзушылық дәрежесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 31.05.2023 № 204 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.06.2023 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

р/с №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
1	Лицензияға қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі ғимараттың немесе тұрғын емес үй-жайдың (кеңсенің) бар болуы	Өрескел
2	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі кен шоғырларының құрылымын, стратиграфиясын және қасиеттерін сипаттауды көздейтін мұнай және газ кен орындарын геологиялық модельдеу бойынша көмірсутектер саласында жобалауға арналған лицензиялық	Өрескел

	бағдарламалық қамтылымның бар болуы	
3	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі көмірсутектерді өндіру көлемін әзірлеу және болжау жүйесін жобалау үшін мұнай және газ қабаттарын (кен шоғырларын) гидродинамикалық модельдеу бойынша көмірсутектер саласында жобалауға арналған лицензиялық бағдарламалық қамтылымның бар болуы	Өрескел
4	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі мамандандырылған техниканың және (немесе) жабдықтың (компьютерлер, принтер, плоттер (суреттерді, схемаларды, күрделі сызбаларды, карталарды және көлемі А0 немесе калькаға дейінгі қағаздағы басқа да графикалық акпаратты үлкен дәлдікпен автоматты түрде сызуға арналған құрылғы) бар болуы	Өрескел
5	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі кәсіпшілік зерттеулерге арналған жобалау үшін пайдаланылатын ұңғыма аспаптарының (тереңдік сынағаларды іріктеу, қабаттық қысым мен температураны өлшеу) бар болуы	Өрескел
6	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі ұңғымадағы түсіру-көтеру операцияларына арналған жобалау үшін пайдаланылатын қондырғының (шығырдың) бар болуы	Өрескел
7	Біліктілік құрамының болуы: 1) жұмыс берушінің бұйрығымен тағайындалған техникалық басшы – көмірсутектер саласында жоғары техникалық білімі бар және көрсетілген салада практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл; 2) көмірсутектер саласында жоғары техникалық немесе арнаулы орта білімі және көмірсутектер саласында	Елеулі

практикалық жұмыс тәжірибесі
кемінде 2 жыл болатын 3 маман

Көмірсутектер саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 27.12.2024 № 493 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.12.2024 № 120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

"Көмірсутектер кен орындарына арналған техникалық жобалау құжаттарын жасау"
қызметінің кіші түріне көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты талаптарды бұзушылық дәрежесі

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 31.05.2023 № 204 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.06.2023 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

р/с №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
1	Лицензияға қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі ғимарат немесе тұрғын емес үй-жайдың (кеңсенің) бар болуы	Өрескел
2	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі ұңғымаларды бұрғылауды жобалау (ұңғымаларды өткізу, қысым градиенттерін және гидродинамикалық сипаттамаларды есептеу, бұрғылау және шегендеу бағаналарын есептеу, цементтеу процесін есептеу) бойынша көмірсутектер саласында жобалауға арналған лицензиялық бағдарламалық қамтылымның бар болуы	Өрескел
3	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі мамандандырылған техниканың және (немесе) жабдықтың (компьютерлер, принтер, плоттер (суреттерді, схемаларды, күрделі сызбаларды, карталарды және көлемі А0 немесе калькаға дейінгі қағаздағы басқа да графикалық	Өрескел

	ақпаратты үлкен дәлдікпен автоматты түрде сызуға арналған құрылғы) бар болуы	
4	Біліктілік құрамының болуы: 1) жұмыс берушінің бұйрығымен тағайындалған техникалық басшы – көмірсутектер саласында жоғары техникалық білімі бар және көрсетілген салада практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл; 2) көмірсутектер саласында жоғары техникалық немесе арнаулы орта білімі және көмірсутектер саласында практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 2 жыл болатын 3 маман	Елеулі

Көмірсутектер саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 27.12.2024 № 493 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.12.2024 № 120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

"Теңіздегі көмірсутектер кен орындарында төгілуді болғызбау және жою жөніндегі жұмыстар" қызметінің кіші түріне көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты талаптарды бұзушылық дәрежесі

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 31.05.2023 № 204 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.06.2023 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 27.12.2024 № 493 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.12.2024 № 120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

р/с №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
1	Заңды тұлғалар үшін – өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болса), жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің қолымен куәландырылған, негізгі пайдаланылатын қондырғыларды және (немесе) жабдықтарды көрсете отырып, мәлімделген лицензияланатын қызметтің кіші	Өрескел

	түрлерін (жұмыстарды) орындау технологиясы мен тәртібін сипаттайтын технологиялық регламенттің бар болуы	
2	Лицензияға қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі өндірістік базаның (өндірістік үй-жайдың/қойманың/цехтың) бар болуы	Өрескел
3	Меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде біреуден кем емес теңізде мұнай жинау құрылғысының бар болуы	Елеулі
4	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі кемінде екі қалқымалы резервуардың бар болуы	Өрескел
5	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі кемінде екі бондық бөгеттің бар болуы	Өрескел
6	Мыналарды қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың болуы: 1) қондырғыларды, машиналарды, механизмдерді, аспаптарды, жабдықтарды тиісінше пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету; 2) еңбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік; 3) қоршаған ортаны қорғау; 4) метрологиялық бақылау	Елеулі
7	Біліктілік құрамының болуы: 1) жұмыс берушінің бұйрығымен тағайындалған техникалық басшы – көмірсутектер саласында жоғары техникалық білімі бар және көрсетілген салада практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл; 2) көмірсутектер саласында жоғары техникалық немесе арнаулы орта білімі және көмірсутектер саласында практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 2 жыл болатын 3 маман	Елеулі

Көмірсутектер саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына
5-қосымша

Ескерту. 5-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 27.12.2024 № 493 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.12.2024 № 120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

"Көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі геофизикалық жұмыстар" қызметінің кіші түріне көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты талаптарды бұзушылық дәрежесі

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 31.05.2023 № 204 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.06.2023 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

р/с №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
1	Заңды тұлғалар үшін – өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болса), жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің қолымен куәландырылған, негізгі пайдаланылатын қондырғыларды және (немесе) жабдықтарды көрсете отырып, мәлімделген лицензияланатын қызметтің кіші түрлерін (жұмыстарды) орындау технологиясы мен тәртібін сипаттайтын технологиялық регламенттің бар болуы	Өрескел
2	Лицензияға қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі өндірістік базаның (өндірістік үй-жайдың/қойманың/цехтың) бар болуы	Өрескел
3	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі тереңдік сынағаларды іріктеу үшін ұңғымалық аспаптардың және жабдықтың бар болуы	Өрескел
4	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі қабаттық қысымды өлшеу үшін ұңғымалық аспаптардың және жабдықтың бар болуы	Өрескел
5	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі температураны	Өрескел

	өлшеу үшін ұңғымалық аспаптардың және жабдықтың бар болуы	
6	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі акустикалық каротаж аспаптарының бар болуы	Өрескел
7	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі электрлік каротаж аспаптарының бар болуы	Өрескел
8	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі радиоактивті каротаж аспаптарының бар болуы	Өрескел
9	Мыналарды қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың болуы: 1) қондырғыларды, машиналарды, механизмдерді, аспаптарды, жабдықтарды тиісінше пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету; 2) еңбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік; 3) қоршаған ортаны қорғау; 4) метрологиялық бақылау	Елеулі
10	Біліктілік құрамының болуы: 1) жұмыс берушінің бұйрығымен тағайындалған техникалық басшы – көмірсутектер саласында жоғары техникалық білімі бар және көрсетілген салада практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл; 2) көмірсутектер саласында жоғары техникалық немесе арнаулы орта білімі және көмірсутектер саласында практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 2 жыл болатын 3 маман	Елеулі

Көмірсутектер саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
6-қосымша

Ескерту. 6-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 27.12.2024 № 493 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.12.2024 № 120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

"Көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымаларды жер астында жөндеу, сынау, игеру, сынамалау, консервациялау, жою" қызметінің кіші түріне көмірсутектер саласындағы

жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты талаптарды бұзушылық дәрежесі

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 31.05.2023 № 204 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.06.2023 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

p/c №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
1	Заңды тұлғалар үшін – өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болса), жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің қолымен куәландырылған, негізгі пайдаланылатын қондырғыларды және (немесе) жабдықтарды көрсете отырып, мәлімделген лицензияланатын қызметтің кіші түрлерін (жұмыстарды) орындау технологиясы мен тәртібін сипаттайтын технологиялық регламенттің бар болуы	Өрескел
2	Лицензияға қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі өндірістік базаның (өндірістік үй-жайдың/қойманың/цехтың) бар болуы	Өрескел
3	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі ұңғымаларды жөндеу, сынау, игеру, сынамалау, консервациялау, жою жөніндегі көтергіш қондырғының бар болуы	Өрескел
4	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі шығарындыға қарсы жабдықтың бар болуы	Өрескел
5	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі сорғы агрегатының бар болуы	Өрескел
6	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі ыдыстың бар болуы	Өрескел
7	Мыналарды қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың болуы: 1) қондырғыларды, машиналарды, механизмдерді, аспаптарды, жабдықтарды тиісінше пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету;	Елеулі

	2) еңбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік; 3) қоршаған ортаны қорғау; 4) метрологиялық бақылау	
8	Біліктілік құрамының болуы: 1) жұмыс берушінің бұйрығымен тағайындалған техникалық басшы – көмірсутектер саласында жоғары техникалық білімі бар және көрсетілген салада практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл; 2) көмірсутектер саласында жоғары техникалық арнаулы орта білімі және көмірсутектер саласында практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 2 жыл болатын 3 маман	Елеулі

Көмірсутектер саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 7-қосымша

Ескерту. 7-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 27.12.2024 № 493 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.12.2024 № 120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

"Көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде ұңғымаларды цементтеу" қызметінің кіші түріне көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты талаптарды бұзушылық дәрежесі

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 31.05.2023 № 204 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.06.2023 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

р/с №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
1	Заңды тұлғалар үшін – өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болса), жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің қолымен куәландырылған, негізгі пайдаланылатын қондырғыларды және (немесе) жабдықтарды көрсете отырып, мәлімделген лицензияланатын қызметтің кіші түрлерін (жұмыстарды) орындау технологиясы мен тәртібін	Өрескел

	сипаттайтын технологиялық регламенттің бар болуы	
2	Лицензияға қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі өндірістік базаның (өндірістік үй-жайдың/қойманын/цехтың) бар болуы	Өрескел
3	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі кемінде екі мамандандырылған цементтеу агрегаттың бар болуы	Өрескел
4	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі ыдыстың бар болуы	Өрескел
5	Мыналарды қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың болуы: 1) қондырғыларды, машиналарды, механизмдерді, аспаптарды, жабдықтарды тиісінше пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету; 2) еңбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік; 3) қоршаған ортаны қорғау; 4) метрологиялық бақылау	Елеулі
6	Біліктілік құрамының болуы: 1) жұмыс берушінің бұйрығымен тағайындалған техникалық басшы – көмірсутектер саласында жоғары техникалық білімі бар және көрсетілген салада практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл; 2) көмірсутектер саласында жоғары техникалық немесе арнаулы орта білімі және көмірсутектер саласында практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 2 жыл болатын 3 маман	Елеулі

"Көмірсутектер саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 8-қосымша

Ескерту. 8-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 27.12.2024 № 493 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.12.2024 № 120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

"Көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі кәсіпшілік зерттеулер" қызметінің кіші түріне көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты талаптарды бұзушылық дәрежесі

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 31.05.2023 № 204 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.06.2023 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

р/с №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
1	Заңды тұлғалар үшін – өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болса), жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің қолымен куәландырылған, негізгі пайдаланылатын қондырғыларды және (немесе) жабдықтарды көрсете отырып, мәлімделген лицензияланатын қызметтің кіші түрлерін (жұмыстарды) орындау технологиясы мен тәртібін сипаттайтын технологиялық регламенттің бар болуы	Өрескел
2	Лицензияға қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі өндірістік базаның (өндірістік үй-жайдың/қойманың/цехтың) бар болуы	Өрескел
3	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі тереңдік сынама аларды іріктеу үшін ұңғымалық аспаптардың және жабдықтың бар болуы	Өрескел
4	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі қабаттық қысымды өлшеу үшін ұңғымалық аспаптардың және жабдықтың бар болуы	Өрескел
5	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі температураны өлшеу үшін ұңғымалық аспаптардың және жабдықтың бар болуы	Өрескел
6	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі түсіру-көтеру	Өрескел

	операцияларына арналған қондырғының (шығырдың) бар болуы	
7	Мыналарды қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың болуы: 1) қондырғыларды, машиналарды, механизмдерді, аспаптарды, жабдықтарды тиісінше пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету; 2) еңбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік; 3) қоршаған ортаны қорғау; 4) метрологиялық бақылау	Елеулі
8	Біліктілік құрамының болуы: 1) жұмыс берушінің бұйрығымен тағайындалған техникалық басшы – көмірсутектер саласында жоғары техникалық білімі бар және көрсетілген салада практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл; 2) көмірсутектер саласында жоғары техникалық немесе арнаулы орта білімі және көмірсутектер саласында практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 2 жыл болатын 3 маман	Елеулі

Көмірсутектер саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 9-қосымша

Ескерту. 9-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 27.12.2024 № 493 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.12.2024 № 120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

"Көмірсутектерді барлау және өндіру кезіндегі сейсмикалық барлау жұмыстары" қызметінің кіші түріне көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты талаптарды бұзушылық дәрежесі

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 31.05.2023 № 204 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.06.2023 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

р/с №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
	Заңды тұлғалар үшін – өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын	

1	адамның қолымен және мөрімен (бар болса), жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің қолымен куәландырылған, негізгі пайдаланылатын қондырғыларды және (немесе) жабдықтарды көрсете отырып, мәлімделген лицензияланатын қызметтің кіші түрлерін (жұмыстарды) орындау технологиясы мен тәртібін сипаттайтын технологиялық регламенттің бар болуы	Өрескел
2	Лицензияға қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі өндірістік базаның (өндірістік үй-жайдың/қойманың/цехтың) бар болуы	Өрескел
3	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі сейсмикалық станцияның бар болуы	Өрескел
	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі сейсмикалық барлау жабдықтарының бар болуы	Өрескел
5	Қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың болуы: 1) қондырғыларды, машиналарды, механизмдерді, аспаптарды, жабдықтарды тиісінше пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету; 2) еңбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік; 3) қоршаған ортаны қорғау; 4) метрологиялық бақылау	Елеулі
